



# ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС: ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ





## ҚАУІПСІЗ ТЕРЕЗЕЛЕР



- ◆ Балалар әрқашан ересектердің бақылауында болуы керек.
- ◆ Бала үйде болғанда, барлық терезелер жақсы жабылуы қажет.
- ◆ Жиһазды терезелерден алыстау қойыңыз: балалар көбінесе терезенің алдына шығуға тырысады.
- ◆ Терезені жоғарғы жағынан ашыңыз – бұл ынғайлы және қауіпсіз.
- ◆ Шыбын-шіркейден қорғайтын тор терезеден құлаудан қорғамайды, олар тек жәндіктерге қарсы тосқауыл.
- ◆ Терезелерге арнайы бекіткіштер орнатыңыз: сонда бала терезені аздап қана аша алады.
- ◆ Терезені ашылып кетуден қорғау үшін, бұғаттаушы құрылғыны немесе терезенің кілті бар құлышты тұтқасын пайдаланыңыз.
- ◆ Балкон мен бөлмеаралық есіктердің алдында балалар үшін жарақат алу қаупі бар.
- ◆ Терезенің жанында немесе балконда тұрғанда балаңызды мықтап ұстаныңыз.
- ◆ Бала балконға тек қана ересек адаммен шығуы тиіс.
- ◆ Балалардың терезелер мен есіктердің жанында ойнауына тыйым салыңыз.



# СУДАҒЫ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРИ




- ◆ Суда шомылу үшін, сұы таза, тұбі тегіс және құмды, терең емес, күшті ағыны мен иірімдері жоқ, су моторлы көліктер жүрмейтін жерлерді таңда.
- ◆ Есінде болсын: шомылу маусымы ауаның температурасы +20-25°C, ал судың температурасы +17-19°C болғанда басталады.
- ◆ Суға абайлап тұс, терең жерлерден аулақ бол.
- ◆ Суда 10-15 минут уақыт болу керек.
- ◆ Суда денеңің тітіркеніп, тоңбауын мұқият қадағала – бұл денсаулыққа өте зиян. Суда қатты тоңғаннан аяқ-қолыңың сіңірі тартылышп, құрысуы өмірге қауіп тәндіреді. Бұл жағдайда арқаңа жатып, жүзу керек. Сасқалақтап, қимылдамай қалсаның, батып кетуің мүмкін.
- ◆ Егер судың бетінде толқындар болса, тыныс алуыңды мұқият қадағала:  
тыныс алу толқындар арасындағы уақытта болуы керек.
- ◆ Қатты толқында суға тұсу қауіпті!
- ◆ Қатты ағысқа тұсіп қалсаның, бірте-бірте жағаға жақындалып, ағыспен жүзгендің дұрыс.





## ДАЛАДАҒЫ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРИ



- ◆ Есінізде болсын: кәмелетке толмаған баланың атаанасының немесе олардың заңды өкілдерінің еріп журуінсіз сағат 23-тен 6-ға дейін тұрғын үйден тыс жерде болуына тыйым салынады. Үйден шыққан кезде ата-анаңа немесе отбасының басқа мүшелеріне қайда барып, қайда болатыныңды және қашан қайтатыныңды ескерт.
- ◆ Егер үйіңе кеш қайтсан, үйдегілерден өзінді қарсы алууды сұра.
- ◆ Бейтаныс адамдармен сөйлесу, олардың сұрақтарына жауап беру, қайда бара жатқаныңды, қайда тұратыныңды және т. б. туралы айту – қауіпті.
- ◆ Егер далада тәуліктің қараңғы мезгілінде болсан, адам көп жерде жүргүре тырыс.
- ◆ Алыс, ешкім тұрмайтын жерлерден, құрылыш алаңдарынан, қараусыз қалған үйлер жақтан аулақ бол.
- ◆ Егер біреу артынан ұзақ уақыт жүріп, андып келе жатқан сияқты көрінсе, бірден адамдар көп жиналған жерге барып, ересектерден көмек сұра.
- ◆ Алдыңнан шұлы немесе ішімдік ішіп алған адамдар тобын көрсөн, көшениң басқа жағына шық немесе бірден бағытыныңды өзгерт.
- ◆ Далада жүргенде тұрлі жанжал, ұрыс-керістен, балағаттаудан аулақ бол.





## ДАЛАДАҒЫ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРИ

- ◆ Үйіңе тек өзің білетін көлікпен (троллейбус, автобус, трамвай, шағын автобус) қайт.
- ◆ Есінде болсын: өтіп бара жатқан көлікті тоқтатуға, әсіресе жүргізушісі сені жеткізіп саламын десе де, көлігіне отыруға қатаң тыйым салынады!
- ◆ Бейтаныс жолаушылардың, автокөлік жүргізушилерінің жолды, дүкенді, дәріхананы және т. б. көрсету туралы етініштерін елеудің қажеті жоқ.
- ◆ Көлік жүретін жол бойымен жүрсөн, көлікке қарсы бағытта жүр.
- ◆ Көшеде біреумен танысу – проблемалардың, тіпті қауіптің көзі болуы мүмкін.
- ◆ Эңгімелесуден, дау-дамайдан, ұрыс-керістен, қарымқатынасты анықтаудан, әсіресе егер олар қол жұмсау мен тәбелеске ұласса, аулақ бол.





## ӨРТ КЕЗІНДЕГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

101



◆ Өрттің алғашқы белгілері пайда болған кезде дереу 101 нөміріне қонырау шал.

◆ Шұғыл түрде бөлмеден шық – өрт шыққан кезде жасырынудың пайдасы жоқ!

◆ Тұтін ішінде қабырғаға сүйеніп, еңкейіп, бетіндегі алынушты шүберекпен жауып алып қозғал.

◆ **ЛИФТИНІ ҚОЛДАNUҒА БОЛМАЙДЫ!**

◆ Егер үйден шығу мүмкін болмаса, балконға шығып, есігін жауып, қатты айқайлап көмекке шақыр.



## БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАДАҒАЛАНЫЗ!

БАЛАҢЫЗҒА ҮЙРЕТИҢІЗ:

102  
112

НӨМІРІНЕ  
ҚОЦЫРАУ ШАЛУ



ҚАШУДЫ



ЖАСЫРЫНБАУДЫ



ЕРЕСЕКТЕРГЕ  
ХАБАРЛАУДЫ

ҚОЛ ЖЕТПЕЙТИН  
ЖЕРГЕ  
ҚОЙЫҢЫЗ:



СІРІҚЕЛЕР ЖӘНЕ ОТТЫҚТАР



ӨТКІР ЖӘНЕ ТЕСЕТИН  
ЗАТТАР



ҰСАҚ ЗАТТАР



ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕР



СІРКЕ СУЫ, ЕРІТКІШ



ТҮРМЫСТЫҚ ХИМИЯ

БАЛАҒА ҚАУІП  
ТӨНДІРЕДІ:



АШЫҚ ТЕРЕЗЕЛЕР



ЫСТЫҚ СҮЙЫҚТЫҚТАР



ЭЛЕКТР РОЗЕТКАЛАРЫ



БЕКІТІЛМЕГЕН ЖИҢАЗ



ЕРЕСЕКСІЗ СУ  
ПРОЦЕДУРАЛАРЫ